



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Береке басы – Әз-Наурыз

Бүгін Жалағаш кентіндегі стадионда Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы тойланды. Ал бір күн бұрын аудандағы ауылдық округтерді қамтыған мерекелік думан түрлі форматта өткен болатын. Әр елді мекендегі тұрғындар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрлерді тағы бір жаңғыртқандай. Атап айтсақ, Ұлыс күні әр ауылда қазақшылдықты дәріптейтін тағылымды қойылымдар қойылды, ұлттық тағамдар дайындалып, бар ағайын Наурыз көжеден дәм татты. Сондай-ақ мерекелік концертпен бірге ұлттық спорт түрлерінен сайыс көптеп ұйымдастырылған болатын.



Орталық стадионда бастау алған ұлттық мейрам жоғары деңгейде ұйымдастырылған десек қателеспейміз. Мұнда кешпелі сахна орналасырылып, ұлттық мейрамға лайықтандырып безендірілген. Көпшілік рухын оятар қазақтың текпе күйлері бірінен соң бірі ойналуда. Ең ұнамдысы, жалағаштықтардың көпшілігі ұлттық киіммен стадионға қарай ағылып жатты.

Әкімі Ардақ Ибраимов, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, облыстық мәслихат депутаты Әмір Шаймағамбетов және өзге де ел ағалары қатысып, аудан халқымен бірге думанды күннің қуанышын бөлісті. Сондай-ақ аймақ басшысының орынбасары сөз сөйлеп, аудан тұрғындарын құттықтады. Бірнеше азаматтық облыстың, сондай-ақ облыс әкімінің «Құрмет» грамотасы және алғыс хатымен марапаттады.

– Қадірлі ағайын! Барлығыңызды жақсылықтың жаршысы, жақсы істердің бастауы болған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын. Наурыз ежелден халқымыз үшін береке мен бірліктің, жаңару мен жасампаздықтың белгісіне айналған ұлы даланың қасиетті мейрамы. Бүгін Президентіміздің бастауымен Наурыз нағыз жалпыхалықтық мерекеге айналды. Наурызанама онкүндігі аясында кең көлемде шараларды атап өтіп келеміз. Бұл – ұлтымыздың рухани жаңғыруы, ұлттың дәстүрлеріміздің қайта түлеуінің жарқын көрінісі.

Биыл еліміз үшін айрықша маңызды тарихи жыл болды. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басты. Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бұған дейінгі саяси реформалардың жалғасы ретінде Конституциялық жаңғыруға қатысты бастамаларын жария етті.

Жалғасы 2-бетте

Ұлттық тағам дайындаудың шебері

Кешпелі қазақ ақ түтек боран мен сары аяздан аман өтіп, Ұлыстың ұлы күні туғанда қыстан қалған азын-аулақ арпа-бидайың, сүрленген қазы-қарта, жал-жаясын қазанға салды. Жеті түрлі дәмнен наурыз көже қайнатты. Самаурынның буы бұрқырап, дастарқан басында қариялар бата берді. Аудандағы Айнагүл Әуесбайқызының шаңырағында да бүгін Наурыздың берекелі дәмі әзірленіп жатыр. Таңсәриден тұрып, шойын қазанын асқан ол, қыстан қалған сүр етін даярлаудың қызу қамына кірісіп кеткен.



Қырық төрт жылын ауданның байланыс саласына арнаған кейіпкеріміз бүгінде зейнеткерлікке шығып, еңбегінің жемісін көріп отырғалы он екі жылдан асты. Саналы ғұмырын ел мен елді жалғаған абыройлы қызметке сарп еткен ол уақыттың талай бөлесін өңсеген. Ақсулық еженің жасы жетпістен асса да, қимылы ширақ, тірлігі тиянақты. Он сыныптық мектепті тәмамдай сала кейіпкеріміз еңбек жолын бірден статистика басқармасынан бастапты. Ол кездері диплом деген ұғым өлі кең тарау қоймаған. Жастық жігермен жұмысқа араласып, арада үш жыл өткен соң қазіргі «Қазақтелеком» жүйесі, сол кездегі пошта саласына ауысты. Заман ағымына ілесіп, білімін де жетілдіріп, сырттай оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

– Анам бөкебай тоқыды. Ауыл қызы үшін күнделікті тіршіліктің бір үзігіндей ғой. Сарыағаш, Ташкент жаққа демалуға барғанда арнайы киіз баяғыштарын іздеп жүріп алып келетін. Сірке сүеммен араластырғанда киіз бетіндегі оюлар құлпырып, жалтырап шыға келетін, ал жуғанда өңі оңбай, сол қалпында сақталатын. Бабының өзі бір бөлек еді, құрт түспесін деп, жаз шыға ыстық суға малып, күнге жайып талай көптірдік. Қазір заман жеңіл дайын кілемдер бар. Бұл да бір уақыттың берген өз қуанышы ғой, – дейді сырттан келген бізге тосырқай қарап, әжесіне баяу ұмтылған немересін алдына алып.

Саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған жан бүгін де қарап отырған жоқ. Зейнетке шықтым деп жатып қалмай, немерелерінің жайын өз жауапкершілігіне алған. Қарттың қызығы да осы екен ғой деп қалдым іштей. Дәл жұмыстағы жүйедей жоспарлы тірлік, мына күні

ген сорпасына ақ қосып, көжені бабына келтірдік. Ақсулық Айнагүл апа наурыз көжеге құрт езіндісін қосты. Айтуынша, бұл көженің қолығын арттырып, астың құнарын байыта түседі.

Кейіпкеріміз Наурыз көже пісірудің басты сыры бапта екенін ерекше атап өтті. Қара қазанда қайнаған сүр еттің сорпа дәмі толық шықпайынша өзге дәмді қоспау керек екен. Себебі әрбір қосылатын дән, арпа ма, бидай ма өз орнымен, өз уақытында салынғанда ғана шынайы дәміне өнеді. Бұл көжеден дәм татқан адам жыл бой тоқ жүреді, ырысы артады деп қалыптасқан түсінік бүгінде өмір жолына емірен. Сол үшін жеті дәні молынан салынған ұлттық дәм дастарханынан түспеген.

– Қазақ шынымен де дана халық қой, әр дәстүрінің астарында бір терең мағына жатады. Көктем шығып, күн жылынып, айнала жандана бастаған кезде ауылда ерекше бір қозғалыс басталатын. Сол бір кездер қазір есіме түссе, жүрегім жылып кетеді. Наурыздың көжесі бір бөлек, жас кезімізде анам үлкендерге арнап белкөтерер әзірлейтін. Таң азынымен ас үйде жүріп, етін асып, сорпасын баптап, барын салып дайындайтын. Қыс бойы шаршаған, жасы үлкен кісілерге күш-қуат берсін, белі бекісін деген ниеті ғой. Қасында айналшықтап жүріп, бір кемектескен болып, сол дайындықтың бәрін қызықтап қарайтынбыз. Қазір ойласам, осындай дәстүрді көріп өскеніміздің өзі бір бақыт сияқты, – дейді Айнагүл Әуесбайқызы.

Ақ қимешікті асыл жан қонақжайлығын жоғалтпай, дастарханын жайналып қойған. Алдымызға жаңа оттан алған көжені қойып, дайын астан дәм тауырсақтың өзі толықтырып тұр. Демі тіл үйреді. Қазақтың тағамына жететіні жоқ қой, шіркін. Батасын алған оң тұрға ыңғайланғанымызды байқап, орнынан бізден бұрын көтерілген Дарханмезді елдің қонағы келсе, дорбалататын келі осы сәтте тағы көрінді. «Қуыс үйден құр шықпасын» дегені шығар, қолтығына қысқан күйі ентелеп келеді. Үлкен отырған жерде береке бар. Ақ алғысын арқалап, адал асынан ауыз тидік. Наурыздың қасиеті де осы болса керек, алысты жақын ететін, жүректерді табыстыратын мейірімге толы мереке.

Гүлжан ЕСЖАН

Құттықтау

Құрметті жерлестер!
Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Наурыз – жаңару мен тазарудың, ырыс пен берекенің, татулық пен бірліктің мерекесі. Бұл – халқымыздың сан ғасырлық салт-дәстүрін жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын кезең.
Мемлекет басшысының тапсырмасымен Наурыз мерекесінің мазмұны жаңартылып, оның мәні тереңдетілді. Соның негізінде елімізде Наурызанама онкүндігі кең көлемде аталып өтіп, ұлттық нақыштағы мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылып, салт-дәстүріміз жаңғыруда.
Ұлыстың ұлы күнінде көктеммен бірге табиғат түлеп, жер бусанып, Жер-Ана қайта жанданып, тіршілік оянады.
Осы орайда «Таза Қазақстан» акциясы – қоршаған ортаны қорғауға, туған жерімізді таза әрі көрікті етуге бағытталған маңызды бастаманың бірі. Бұл игі шаралар арқылы табиғатты аялау мәдениеті қалыптасып, ел мен жерге деген құрмет арта түседі.
Қадірлі ағайын!
Баршаңызға амандық, отбастарыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем болсын!
Әз-Наурыз құтты болсын!
Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі



Сапар

Облыс әкімінің қолдауымен Ұлыстың ұлы күні қарсаңында ауданнан облыс орталығына барған делегация мүшелері Қызылорда қаласындағы бірқатар жаңа нысанды аралап, мазмұнды іс-шараларға қатысты. Аудан делегациясын аудан әкімі Ардақ Ибраимов бастап барды.

Серпінді жобаларға жоғары баға берді



Іс-сапар барысында жалағаштық ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері шаһардың өлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп отырған инфрақұрылымдық бастамалармен, білім, мәдениет және спорт салаларындағы жаңа нысандардың жұмысымен танысты. Бағдарлама аясында делегация Қорқыт ата әуешайының жаңа терминаты, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық орталығы, «Достық үйі» ғимараты, Отбасы орталығы, «Анаға тағам» орталығы, «Келешек мектептері», «Kausag Agha» стадионы, Өнер орталығы, Президент саябағы сынды жаңа нысандарды көрді. Сонымен қатар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен Құзыреттілік орталығының ашылу рәсіміне, тұрғын үйлерді табыстау салтанатына және Өнер орталығында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған жиынға қатысты.

Айта кетейік, мереке қарсаңында Қызылордада техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған заманауи Құзыреттілік орталығы іске қосылып, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 400 пәтердің кілті табысталды. Бұдан бөлек «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында жаңғыртылған Президент саябағы ел игілігіне берілді.

Жалағаштық ардагерлер қаланың қарқынды дамуы мен жаңаруына оң баға беріп, қолға алынған жобалардың өңір өркендеуіне қосып отырған үлесін ерекше атап өтті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Думан

Таңдағы Наурыз тойы



Береке басы — Әз-Наурыз

15 наурызда халқымыз Қазақстанның жаңа тарихындағы келешек тағдырын айқындады. Еліміз өз таңдауын жасады, бір кісідей жаңғыру жолында дауыс берді. Қоғамда жан-жақты талқыланған жаңа Конституция жобасына арналған референдумға облыс жұрты да белсенді қатысып, Береке-бірліктің нағыз үлгісін көрсетті. Жан-жақты атсалысып, өңірлер арасында көш бастады. Сыр халқы Президенттің барлық бастамаларын әрдайым қолдайтынын тағы бір мәрте дәлелдегендей.

Қадірлі қауым! Ұлттық құндылықтарды ұлықтаған Наурыз мерекесі Тәуелсіз елімізге толайым табыстармен, жаңалықтармен келуде. Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын! — деді Ардақ Темірханұлы.

Мерекеле аударан өнерпаздары «Береке басы, Әз-Наурыз» атты Наурыз мерекесіне арналған театрландырылған көрініс қойып, ел қошеметіне бөленді. «Наурыз» әні орындалып, сахна алдындағы алаңда ұлттық ойындар «Ақ серек, көк серек», «Арқан тарту» «Соқыр теке», «Кел сақина» ойнаған қыз-жігіттердің би қойылымы көрсетілді. Артыңша әжелер ансамблі мен үлкен кісілер, абысындар мен келіндер болып киінген өнерпаздардың «Тұсақкер» салтынан көріністері орын алды. Сондай-ақ бірнеше сері жігіттің сахнаға көтеріліп, сондағы жеңгелермен әзілдескен шағын қойылымы тамашалаушы көпті ризашылыққа бөледі.

Қойылымның нағыз қызған шағында ортаға Қызыр баба келіп, тұрғындарға ақ батасын төкті. Халыққа береке тілеп, әр шаңырақты татулыққа үндеді. Одан соң шара мерекелік концертпен жалғасып, ұлттық киім киген жүргізушілер жергілікті өнерпаздарға кезек берді. «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі, Әйгерім Әлішбаева, Дана Елтай, Жастар театры мен түрлі би топтары көрермендерін риза еткендей. Думан Ахметов, Әйгерім Ысқақова, Серікбол Шәріпқұлов, Ербатыр Исатай, Райқұл Шабтұова, «Самғау» квартеті және т.б. өнерпаздар өннен шашып, халық ықыласына бөленді.

Айта кетейік, бұған дейін Жалағашта Наурызнама онкүндігімен көптеген жоспарлы іс-шаралар өтті. Орталық алаңда 14 наурыз — Көрісу күнімен басталған рухани онкүндік өз кезегімен ерекше сан-салтанатпен өтті десек болар. «Наурыз шапағаты» қайырымдылық акциясымен әлеуметтік осал топтағы азаматтарға қолдау көрсетілсе, «Шаңырақ» күнінде отбасы құндылықтарын сақтап, ұрпақ тәрбиесіне үлгі болған мерейтой иелерімен кездесу өтті.

«Руханият» орталығында «Көне дәстүр күмбезі» VI дәстүрлі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар фестивалі ұйымдастырылды. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер қайта жаңғырылды. Ұлттық киім күнінде «Әсем қадам» атты қазақтың ұлттық, сәндік киімін көрсетуден аудандық фестиваль болды. Жергілікті дизайнерлер мен тігіншілер этно-стиль бағытындағы заманауи киім үлгілерін ұсынды.

19 наурыз — Жаңару күніне орай ағаш өю акциясы өтті. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен бірге мемлихат депутаттары, ардагерлер, батыр аналар, спортшылар және еріктілер көшет отырғызды. Сонымен қатар Ұлттық спорт күні қазақтың байырғы спорт түрлерінен кең көлемде сайыс ұйымдастырылған еді.

Биыл да аудан жұрты мейрамды жоғары деңгейде атап өтті. Ұлттық құндылықтар дәріптеліп, өнегелі іске кейінгі буын да куә болды. Бұл ұрпақ сабақтастығының бастауы десек те жарасатындай.

Ержан БЕКМЫРЗАҰЛЫ
БАСЫ 1-BETTE

Кеше таңмен таласа оянған Таңдағы ағайын төрт түлігін ерте жайғап, ұлттық киімдерін киіп, ауылдағы мәдениет үйінің алдына жиналды. Қариялар мен ақсаулықты аналар амандық-саулық сұрасып, ұлыстың ұлы күнінде бір-бірімен төс қағыстырып, ақ тілектерін арнаса, жастар жағы алтыбақан теуіп, асыр салып ойнады. Жергілікті өнерпаздардың қатысуымен басталған мерекелік шараны аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов пен ҚР Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев ашып, жерлестерін Наурыз мерекесімен құттықтады.



— Өздеріңіз білетіндей, елімізде Наурыз мейрамын кеңінен атап өту және оның маңыздылығын арттыру мақсатында «Наурызнама» тұжырымдамасы дайындалған болатын. Соған сәйкес 10 күн бойы ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды кеңінен насихаттауға арналған танымдық-мерекелік шаралар өткізілуде. Бөрімізге мәлім Наурыз — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл күні тіршілік оянып, күн мен түн теңеліп, табиғат-ана жасарып, жанарып, ерен еңбектің думаны басталады. Адамзат баласы бір-бірімен қауышып, өкпе-реніштерін ұмытып, жылы лебізін білдіреді. Наурыз турғанда дикан кетпенін сайлап, шаруаға кіріседі. Осы тұрғыдан алсақ, Наурыз — елді еңбекке жұмылдыратын ырыс-несібімізді арттыратын мейрам. Наурыз мерекесі әрбір отбасыға бірлік пен қуаныш, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын! — деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғарұлы.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында ұлттық құндылықтарды насихаттап, салт-дәстүрді жаңғырту мақсатында «Наурыз — дәстүріміздің айнасы» атты ауыл тұрғындары арасында көшеаралық фестиваль өтті. Сайыс әр көшенің тұрғындары өздерінің қонақжайлылығын, салт-дәстүрге берік-

тігін көрсетіп, өнерлерін ортаға салды. Аталған фестиваль 6 кезеңнен тұрды. Қатысушыларға ауылдағы еңбек ардагерлері, батыр аналар Балмекен Ізтілеуова мен Ажарқұл Ташенова, ауылдағы алтын ұяның директоры Ләйла Шәменова төрелік етті.

Бірінші кезеңде сайысқа қатысушылар көрерменге көшенің атымен ұран таныстырды. Кезек-кезек сахнаға шыққан олар көшелерінің бірлігі мен ынтымағын жарыса айтып, көшеге есімі берілген тұлғалардың еңбек жолын дәріптеді.

Ал екінші кезең «Өнерліге өрісін кең» деп аталды. Бұл кезеңде көше өнерпаздары өз өнерін ортаға салды. Бірі дәстүрлі өнерді нақышына келтіріп орындаса, енді бірі қазақтың қара домбырасынан күмбірлетке күй төкті.

Мұнан кейін фестиваль «Дәстүрім — асыл қазынам» кезеңіне ұласты. Көше тұрғындарының арасынан ақсалдар ортаға шығып, ауыл тұрғындарына ақ батасын берді. Ұлыстың ұлы күнінде ұлттық киімді ұлықтау мақсатында жергілікті тұрғындардың қатысуымен ұлттық киім шеруі өтті. Ардагерлер мен аналар, жастар жағы ұлттық нақыштағы киіммен сәнденіп, дәстүрлі аспаптарды дәріптеді. Шеруде жанды дауыста өн шырқалып, ұлттық өнер кеңінен насихатталды.

Мұнан әрі шара «Наурыз нақыштары» кезеңімен жалғасты. Иә, ұлыстың

ұлы күнін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Таң атысымен мұнда фестивальге қатысушы 7 көшенің ақсаулықтылары наурыз көже әзірлеуге кірісті. Бұл кезеңде көше тұрғындары наурыз көже дайындап, оны жергілікті халыққа ұсынды. Бұйы бұрқырап жатқан наурыз көженің жасалу жолын білу үшін Сәрсенқұл Өтегенова әжемізбен әңгімелестік.

— Наурыз көжені жас күнімінен дайындаймын. Әр мейрам сайын отбасымызда ұлттық тағамды міндетті түрде пісіріп, қыздарым мен келіндеріме үйретемін. Немерелерім жыл сайын мейрамды «әжемнің наурыз көжесін ішемін» деп асыға күтеді. Бүгін көшемнің атынан наурыз көже пісіру кезеңіне өзім қатысып жатырмын. Жалпы наурыз көже пісірудің еш қиындығы жоқ. Сүрленген ет пен қазы, арпа, тары, күріш, ағарған құю арқылы дәмді етіп пісіруге болады. Наурыз көжені әр адам қолындағы барымен пісіре береді. Мен міндетті түрде жыл сайын наурыз көжеге бір тамырдан есіп-өнген дәмдей ұрпағымыз көп болсын деген ниетте арпамен қоса тары, күріш сөкпін дәмді-дақылдар қосамын. Түптеп келгенде наурыз көжеге қосылатын жеті дән де адам денсаулығына пайдалы, ал көже сүттей ұйып, аузымыз ақтан кетпей, молшылықта болайық деген ниетте әзірленеді, — дейді А.Құнанбаев көшесінің тұрғыны Сәрсенқұл Өтегенова.

Сезім НҰР.

Отбасылық құндылықтар дәріптелді

Жалағаш ауданында Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі аясында «Шаңырақ күніне» орай тағылымы мол мерекелік шара өтті. «Руханият» орталығында ұйымдастырылған бұл кездесу отбасы құндылықтарын дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталды. Мерекелік жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов сөз сөйлеп, жиналған жұртты құттықтап, отбасының қоғамдағы орны мен маңызын ерекше атап өтті.



Халқымыз үшін шаңырақ — әуелден қасиетті ұғым. Көшпелі өмір сүрген қазақ ешқашан шаңырағын тастамаған, оны өзімен бірге алып жүріп, қай жерде қонса да, қайта тігіп, тіршілігін жалғастырған. «Шаңырағың биік болсын» деп қай қуаныш болса да, қазақ оны ең алдымен қастерлі ұғыммен сабақтастырды. Осындай терең мәнге ие ұғым бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпай, «Шаңырақ күні» арқылы ұлықталып келеді.

Шараның басты кейіпкерлері жарты ғасыр бойы тату-тәтті өмір сүріп, өнегелі ғұмыр кешкен алтын той иелері Бекжановтар, Әбішевтер және Байсыновтар отбасы болды. Отбасы құндылықтарын сақтап, ұрпақ тәрбиесінде үлгі болып жүрген мерейтой

иелеріне аудан әкімінің мерекелік құттықтауы табысталды. Сонымен қатар мерекелік шарада ерекше әсерге толы тағы бір тағылымды сәт жас жұбайлардың неке кию рәсімі өтті. Қазақтың дәстүр мен заманауи рәсім үйлесім тапқан салтанатты сәтте жас жұбайларға ресми түрде неке күәлігі табысталды. Тағылымды кездесу барысында батыр ана Сәрсенқұл апамыз бен 55 жыл бірге өмір сүрген мерейтой иесі, спорт саласының ардагері Сұлтан Бекжанұлы жастарға ізгі тілектерін арнап, ақ батасын берді.

— Шаңырақ дегеніміз тек ағаш емес, ол

— ата-бабамыздан қалған аманат. Жас отбасы, сендер енді бір шаңырақтың иесі болдыңдар. Шаңырақ көтеру оңай, ал оны биік ұстап тұру — үлкен жауапкершілік. Отбасының беріктігі — байлықта емес, бір-біріне деген сыйластық пен сабырда. Бір-біріңді берекесін кіргізетін, жылуын сақтайтын жан болсаңдар, бірін шаңырақтың тірегі боласыңдар. Бір жақ ұяны ұйытып, татулықты ту етсе, келесі жақ отбасына қорған болуы керек. Үйдің бақыты — дауыс көрмеуде, түсінісуде, кешірімде. Біз көрген өмір оңай болған жоқ, бірақ бірлікпен бәрін жеңдік. Кішкене ренішті үлкейтпей, үлкен бақыт-

ты жоғалтпаңдар, — деп ақсаулықты ана кейінгі ұрпаққа асыл сөзін аманат етті.

Қазақта отбасылық өмірдің қадірін, берекесін айқындайтын ерекше ұғымдар бар. Енді қалыптасып келе жатқан отбасы он жылды арқа тастап, қалайы тойын тойлады. Одан әрі шыны той, маржан тойға ұласады. Әрбір той — жай ғана мереке емес, өмір жолының белесін білдіретін терең мағыналы дәстүр. Күміс той 25 жылдық отау құрған жұбайлар бір-біріне өбден үйреніп, өмірдің талай белесінен өткен қарым-қатынасы күмістей тазарып, нығая түскен шақты білдіреді.

Гүлжан ЕСЖАН

Тағылымға толы той

Ұлыстың ұлы күнін Аламекектегі ағайын да ерекше атап өтті. Таң атысымен мәдениет үйінің маңында бір-бірімен төс қағысып көріскен жергілікті жұрт ауыл өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасын тамашалады. Алдымен ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев жерлестерін Наурыз мейрамымен құттықтап, ауызбіршіліктің арқасында Аламекекте соңғы жылдары атқарылған жұмыстарды кеңінен тарқатты.

– Баршаңызды бүгінгі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Жалпы қазақ өмірінде, оның ішінде ауыл тынысында бұл мейрамның маңызы жоғары. Тарихы тереңнен бастау алатын Наурыз тойы ауылымызда жыл сайын жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұлттық спортымыз, салт-дәстүріміз жаңғырды. Бұл тұрғыда үлкендеріміз кейінгі буынға өнеге көрсетіп, жастарымызды жақсылыққа, ізгілікке баулып келеді. Шүкір, Аламекектегі ағайынның ауызбіршілігі мығым. Сол бірліктің арқасында ауылымызда соңғы жылдары жарқын жобалар жүзеге асып, ел ішіндегі күрмеулі мәселелер оң шешімін тауып жатыр. Мемлекеттік қолдаудың арқасында бірнеше ішкі көшеміздің сапасы жақсарды. Бірнеше жылдан бері халықтың басты мәселесіне айналған емхана мәселесі де шешімін тапты, электр желісі жаңғыртылды. Мұның бәрі Аламекектегі ағайынның осыған дейінгі талап-тілегіне арқау болған мәселелер екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Президентіміздің, аймақ басшысының және аудан әкімінің ауылдық елді мекендерді ерекше қолдауының арқасында ауылда тұралаған мәселелер де шешімін тауып жатыр. Көктем кіріп, жердің тоңы жібіп, еңбеккерлер егіннің қамына кірісті. Өткен жылы ауыл шаруашылығы саласын жергілікті шаруалар толайым тасыспен қорытындылады. Быыл да қамбамыз астыққа толатын берекелі жыл болсын. Жалпы берекелі тірліктің түбінде бірлік жатады. Сол бірлігіміз мығым болсын. Әсіресе ауыл жастарының кез келген мәселеде басы қосылып, оның шешімін табуда бірлікті басты ұстаным ететінін қуантады. Бүгінгі Наурыз мейрамының дәл осындай жоғары деңгейде өтуінде



олардың да қолтаңбасы бар. Сондықтан ауыл жастарына да алғыстан басқа айтарым жоқ. Мейрам құтты болсын. От-бастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, береке, бірлік тілеймін, ауылымыз жылдан-жылға гүлденіп, жарқын жобалар жүзеге аса берсін, – деді ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев.

Иә, шалғайдағы ауылдың соңғы жылдары шаруасы шираған. Мұны Дәукеңнің бірлігімен байланыстыратындай жөні бар. Расында Аламекектегі ағайынның бірлігі мығым. Сол елдің бойындағы бірлік жақсы тірлікке себеп болғаны да өтпек емес. Әсіресе ауыл жастарының ымырамен іс қылуы, кез келген мәселеде тығырықтан шығар амалды ауызбіршілік деп тануы қуантады. Бүгінгі Наурыз тойының жоғары деңгейде өтуіне де ауыл жастары сүбелі үлес қосты. Жастары тікесінен тік тұрып, үлкендерге қызмет көрсетіп, ақсақалдар батасын беріп, алдағы ісіне табыс тіледі. Осындай ұрпақ сабақтастығы үзілмеген қоғамда қашанда береке барын ауылдың қай буыны да жақсы біледі.

Ауыл өнерпаздары дайындаған кон-

церттік бағдарлама да жоғары деңгейде өтіп, жергілікті жұрт көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Мәдениет үйі жанындағы үйіме мүшелері халық билерін өз нақышында орындады. Сахнадағы тұсауескер, қыз ұзату секілді салт-дәстүрлерімізге негізделген қойылымдар да көпшіліктің көңілінен шықты. Соңында ауылдың дамуында өзіндік қолтаңбасы бар бірқатар азамат марапат төрінен көрінді.

Мұнан кейін үлкендеріміз арнайы жайылған дастарханнан төбе көрсетіп, Наурыз көжеден дәм татты. Тойдың соңы ұлттық спорт түрлеріне арналған жарыспен қорытындыланды. Алдымен жастар жағы ләңгі тебуден өзара мықтыны анықтады. Шыны керек, қазір жастар жағы бұрынғыдай ләңгі төлпейді. Бұл сайыста жастар қызығушылық танытып, үлкендер балалық шаққа бір сәт саяхаттады. Аға буын ләңгі тебуден қарайып қалмаған екен. Тіпті қатысушылардың алды жүзден асырса, соңы елуге сабақтастығы үзілмеген қоғамда қашанда береке барын ауылдың қай буыны да жақсы біледі.

Гір тасты кетеруде қай буын да белсенді болды. 16 келілік қос кір тасын

жүлкіне көтерген олар әлі тың екенін тағы бір айшықтады. Соңында жүлдегерлер қаржылай сыйлыққа лайық деп танылды.

Арқан тартыс көрерменге ерекше әсер қалдырды. Олардың айқайы қатысушыларға шабыт берді. Әр жылы туған ауыл жастары екі топқа бөлініп, жүлделі орындарды сарапқа салды. Бұл додада жүлдегерлер де, қатысушылар да қаржылай сыйлыққа өтпек қалмады. Ұлттық спорт түрлерінен күр күрмеулі дода қазақ күресімен қорытындыланды. Бозкілемде оқушылар да, жастар да қазақ күресінен қаражауы емесін тағы бір дәлелдеді. Жүлдегерлер қомақты қаржылай сыйлыққа ие болды.

Жалпы Аламекектегі Наурыз тағылымға толы той болды. Ел-жұрт тек концерт көріп, ауқаттанған жоқ. Мұнда ізгілік, бірлік, салт-дәстүр, өнер, бәрі-бәрі бір арнада тоғысты. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның ауызбіршілігін аңғара қойдық. «Сол ынтымақ бұзылмасын» деген жақсы тілекпен біз де тарқастық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Наурызнама онкүндігінің шырайын келтірген ұлттық спорт күні ауданда ерекше сән-салтанатпен аталып өтті. Осыған орай аудандық спорт кешенінде ұлттық спорт түрлерінен тартысты сайыстар ұйымдастырылды. Мерекелік жиынға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудан ардагерлері, мәслихат депутаттары және тұрғындар қатысып, думанды шараның куәсі болды. Шара барысында жастар алтыбақан теуіп, ән мен күйге бөленсе, жиналған көпшілік наурыз көжеден дәм татып, ұлттық дәстүрдің жылуын сезінді. Ұлттық ойындар халқымыздың рухын асқақтататын, ұрпаққа мұра болып жалғасатын асыл қазына екені тағы бір мәрте айқындалды.

Ұлттық спорт дәріптелді



Наурызнама онкүндігінің жетінші күні аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен ұйымдастырылған мерекелік шерумен бастау алды. Шараға аудандық мәслихат депутаты, батыр аналар, ардагерлер және аудан тұрғындары қатысып, ұлттық нақыштағы киімдермен сәнденіп, дәстүрлі аспаптарды дәріптеді. Шеру барысында жанды дауыста ән шырқалып, ұлттық өнер кеңінен насихатталды. Қатысушылар Жалағаш кентіндегі Әйтеке би көшесінен бастап, Желтоқсан және А.Істелюова көшелерімен жүріп өтіп, аудандық спорт кешенінде жалғасқан спорттық шараларды тамашалаумен жалғасты.

Қазақ баласы ерте жастан атқа мініп, ұлттық спортпен шынығып өсті. Буыны беки бастаған балаға ашамай сыйлап, епті, намысты болып қалыптасуына үлкен мән берді. Ұлттың ұлы ғана емес, кең даланың рухы бойына сіңірген қызы да ер болып бой жеткен. Бүгінгі шара да сол асыл дәстүрдің жалғасы болды.

Кең алаң. Екі топ арқанның екі басынан мығым ұстап тұр. Қолдағы жай арқан ғана емес, намыс. Бір сәт – бәрі бір деммен тартады. Арқан тарту – тек күш сынасағын жарыс қана емес, ол – бірліктің, ұйымшылдықтың айқын көрінісі. Осындай рухты сәттердің бірі болған тартысты додада ер команда намыс пен жігерді ту өтіп, соңына дейін күресті.


Тартысқа толы сайыстың нәтижесінде I орынды ақсулық команда қанжығасына байлап, өздерінің мықтылығын дәлелдеді. Ал II орын аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінен құралған команданың еңшілсіне бұйырды, олар да қарсыластарына лайықты қарсылық көрсете білді. III орын №13 спорт мектебіне бұйырды.

Ауыл баласының бір кездері шын беріліп ойнайтын ұлттық ойындарының бірі асық болса, екіншісі – осы ләңгі. Қорғасын қолдан балқытып, күздік суығы түскенше аяғынан түсірмей ойнайтын. Кей жақтарда оны тулақтан жасаса, кей кезде қолда барына қарапайым шүберекпен де жасалыпты. Отыздың ордасын бұзған буыннан бұл ойын жайында сұрап қалсаң, аузының суы құрып айтып беруге дайын. Қазір даладағы доп тебудің өзі экрандағы ойындарға ойысқан шақта ұлттық ойындарды ұлықтаудың маңызы ерекше. Бүгінгі ләңгі тебу сайысына ауыл-ауылдан азаматтар белсене қатысып, ұлттық ойынның мәртебесін асқақтатты. Сайыс нәтижесінде Мақсат Әміразақов үздік өнер көрсетіп, жеңіс туғырына Аламекек ауылы көтерілді.

Жылған жұрт алаңдағы белдесу өнерін тамашалап, қол күрестің қызулы көріністеріне қуа болды. Бір кездері өгіз көтерген алып Қажымұқанның ізі қалған бұл даланың балуандары бүгінде күштің көкесін көрсететіні заңдылық. Белбеуден қапсыра ұстаған аялысына қарап-ақ балуанның әдісін бағамдай беруге болады. Бір сәтте иықтан асыра лақтырса, бірде сәл аядап, демікпеудің қамын жасайды. Бір қапталда нағыз қазақы күрестің рухы жанданса, келесі тұста қарсыласының қолын біртіндеп еңкейтуге кіріскен спортшылар. Алақандар бір-біріне мықтап ілініп, білектер баяу ішке бұрылған. Соңғы серпіліс. Үстелге тиген қол Бұл жарыс тек жеңімпаздарды анықтап қана қоймай, ұлттық спорттың қадірін көтеріп, көпшілікке ерекше әсер сыйлаған сәттерге толы болды.

Онқүндік – ұлттың санасына салт-дәстүрдің қадірін сіңіріп, ата-баба мұрасын жаңғыртуға бағытталған маңызды кезең. Ауданда ұлттық құндылықтарды дәріптеу шаралары өз жалғасын табуда. Бұл игі бастама Ынтымақ күні мен Тазару күнімен ұштасып, халқымыздың бірлікке бекем, ниеті таза, жүрегі кең екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Гүлжан ЕСЖАН



Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Брифинг

Туберкулездің алдын алу – ортақ іс

Туберкулез – адамзат тарихымен бірге келе жатқан өкпелі қабынбалы жұқпалы ауруы. Бүгінде оның алдын алу мен таралуын тежеу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне атқарылып жатқан іс-шаралар туралы кеңінен ақпарат беріп, өңірдегі ахуалға тоқталды. Айта кету керек, 1993 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы туберкулезді ұлттық апат деп жариялаған. Ал 24 наурыз – әлем жұртын осы дертпен күреске жұмылдыру мақсатында белгіленген дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні.



Туберкулез – ертеден белгілі өкпе ауруы. Халық арасында бұл дертті «құрт ауруы» деп атаған. Адамды біртіндеп әлсіретіп, жүдететін бұл сырқатты «жегі» деп те сипаттап, одан сақтанудың жолдарын қарастырды. Сырқатты ерте танып, науқасты таза ауаға шығарып, қымыз ішікізіп, табиғаттың шипасымен емдеуге тырысқан.

Бұл дерт жер жүзінде кең таралғанымен, оның негізгі салмағы саналуы елдердің иығына түсіп отыр. Миллиондаған тағдыра өсер еткен бұл дерт әлі де адамзатқа сын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бұлттығы есебі бойынша, әлемде жыл сайын 10,7 миллион адам туберкулезбен ауырады, ал бір жарым миллион адам қайтыс болады. Қоғамға қатерлі дерттің ең жоғары деңгейі Үндістан, Индонезия, Қытай, Пәкістанда анықталған, яғни әлемдегі барлық туберкулез жағдайының жартысынан астамы тіркелген.

Еліміз бойынша туберкулезбен сырқаттанушылықтың ең жоғары деңгейі 2004 жылы тіркелді. Сол кезеңде аурушандық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 155,3 жағдайға дейін жетіп, елдегі эпидемиологиялық ахуалдың күрделілігін көрсетті. Өлім-жітім көрсеткіші шамамен 21 жағдайды құрады. Бұл жылдар Қазақстан үшін туберкулезбен күресте ең ауыр кезеңдердің бірі болып қалды.

Кейінгі жылдары жүйелі шаралардың нәтижесінде жағдай біртіндеп жақсара бастады. Әсіресе соңғы он жылда айтарлықтай өзгерістер байқалды. Мәселен, 2014 жылы туберкулезден болатын өлім-жітім 100 мың тұрғынға шаққанда 4,9

жағдай болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 0,9 жағдайға дейін төмендеді, яғни шамамен 5 есеге азайды.

2024 жылы ел бойынша флюорографиялық тексеруден өткен 5,6 миллион адамның ішінде 4 мыңнан астамынан туберкулез анықталған. Дегенмен былтырғы жылдың қорытындысы бойынша жаңа тіркелген жағдайлар саны 10,6 пайызға азайып, 6740 жағдайдан 6130 жағдайға дейін төмендеді. Сонымен қатар өлім-жітім деңгейі де шамамен 10 пайыз қысқарды.

Бұл – үнсіз жүріп, із қалдыратын дерт. Өткен жылдың қорытындысы аудан көлемінде туберкулездің толықтай тізгінделмегенін көрсетті. 15 жаңа жағдай тіркеліп, 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 41,6-ны құрады. Бұл – індеттің өңір тынысына әлі де салмақ салып отырғанының көрінісі. Аурудың 1 асқынған түрі Жалағаш кентінде тіркелген.

Жас құрылымына үңілсек, дерттің салмағын ең алдымен еңбекке жарамды жастағылар көтеріп отыр, яғни 46,8 пайыз. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасындағы 20 пайыздық үлес індеттің жас буынға да жеткенін көрсетсе, зейнеткерлердің 33,4 пайыздық үлесі иммунитеттің әлсіреуіне байланысты тәуекелдің жоғары екенін байқатады. 2026 жылдың алғашқы айлары да тыныш емес. I тоқсанда тіркелген 5 жағдай өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім бар екенін көрсетті. Оның үшеуі Жалағаш кентінен, қалғаны Мәдениет пен Жанаталаптан табылып, дерттің ізін жасырмай келе жатқанын аңғартады. Алаңдататын тағы бір тұсы – ана мен бала тағдыры. Былтыр тіркелген

науқастардың арасында босанғаннан кейінгі әйелдің болуы – қоғам үшін ой салатын белгі.

Алдын алу шаралары аясында жүргізілген тексерулер жоспардан асыра орындалып, 1568 тұрғын қамтылды. Соның нәтижесінде 1 жағдай анықталып, дерт кезінде емге алынған. Бұл ерте анықтау шараларының «ауруды алысқа жіберме, жолын кесудегі» тиімділігін көрсетеді.

Балалар арасында жүргізілген Манту сынақтары да жоспардан жоғары деңгейде орындалып, 9 балаға профилактикалық ем тағайындалды. Перзентханада дүниеге келген 34 нәрестенің 32-сіне БЦЖ вакцинасының салынуы им-мундық қорғаныстың негізі қаланғанын білдіреді. Дегенмен ата-аналардың екепеден бас тарту жағдайлары қоғамда «күмән көлеңкесінің» әлі де сөйлімге-нін көрсетеді. Мұндай жағдайлар көбіне жалған ақпараттар мен теріс көзқарастардың ықпалынан туындайтыны рас.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында түрлі мекемелердің бірлесуі індетке қарсы күресте «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудың» маңызын дәлелдейді. Тұрғындармен кездесулер өткізіліп, 1580 ұнпарақ таратылды, өлеуметтік желілер арқылы да түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізіледі, – дейді Гүлзираш Айымбетова.

2026 жылдың алғашқы екі айында Қызылорда облысы бойынша туберкулездің 20 жағдайы тіркеліп, өңірдегі эпидемиологиялық ахуалдың әлі де өзекті екенін көрсетті. Жаңақорған ауданында 6 жағдай тіркелсе, Арал ауданында 4, Шиелде 3 жағдай анықталып, бұл өңірлерде де сақтық

Өнеге Аналар киіз басты

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында тілшілік тіршілікпен Аққыр ауылына аялдадық. Мұндағы мақсат – салт-дәстүрді дәріптеп, қолөнерді қайта жаңғыртып жүрген «Ару ана» ансамблімен танысу. Кездесуде ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарды насихаттап, жас ұрпақты салт-дәстүрмен тәрбиелеп жүрген аналармен бірге киіз бастық.



Әжелер киізді жүнді жуып, түтіп, тегістеп жайып, ыстық сумен бүркіп, орап, дөңгелектің басының айтады. Бұл ұрдақ көп күш пен төзімділікті қажет етеді. Киізден төкемет, сырмақ, түскізі секілді бұйымдар дайындалып, ою-өрнекпен безендіріледі.

Киіз басу айтуға оңай болғанымен, оңай жасала салатын іс емес. Оған қолдың күші мен ептілік керек. Әжелердің айтуынша, киіз басу үшін қойдың күзем жүні тандалады.

Әжелермен бірге киіз басу үшін жұмысты ең алдымен жүн сабаудан бастадық. Қыр-қылған, сұрыпталған жүннен бұйым жасау үшін жүнді ең алдымен тазалап алу қажет. Ол үшін қос шыбықпен жүннің іртігін жазып, шөп-шаламнан тазартып, үлгілдету керек. Әжелер жүн сабаудың ел ішінде қалыптасқан өзіндік тәсілі барын айтады.

Тулаққа салып жүн сабағанда сабаушылар қолдарын бірдей көтеріп-түсіріп отыру қажет. Әр адамның қолындағы қос сабау арқылы жүнді екі қолымен сабады. Сабаудың бұл әдісі «қос қолдан сабау» деп аталады. Қос қолдан сабау арқылы іртігі оңайлықпен жазылмайтын, өте түйдек-телген жүнді оңай тартуға болады. Мұнан бөлек жүн сабаудың кесіп сабау, көліртін сабау, есіп сабау секілді тәсілдері бар, – дейді Алтынқұл Әлиева.

Жүн сабаудан кейін дайын болған жүннен киіз басылады. «Киіз ойдағыдай шықсын» деген ниетпен әжелермен бірге жұмысымызды көтергеніміз күйде әңдеп бастадық. Киіз басу үшін шиге салу, шабақтау, бет тарту, су себу, тебу, булау, білектен, қарлу секілді тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар сабақталған жүнді белгілі көлемдегі шидің бетіне тегістеп төсеп шығады. Мұны әжелер «шиге салу» деп түсіндірді.

Киіз басудың кенігі шебері болған әжелермен бірге тоқылған шидің үстіне дайын болған жүнді төсеп, түрлі-түсті шүйкелермен ою-өрнек салдық. Қолөнер шеберінің көрсетуімен түрлі түсті шүйкелермен безендірілген ою кездің жауын алып, ерекше өсемдік беріп тұр. Ши бетіне салынған жүннің біркелкілігіне көз жеткізген соң ыстық су әкеліп сүзгінің сырты жағымен шашыратып, шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құю жұмысы жүргізіледі. Әжелердің айтуынша, шашырата құйылған ыстық су өз салмағымен жүнді басып, шабақ-

талған жүн мен тартылған жүнді бір-біріне жабыстырады. Сөйтіп жүн кіріге бастайды. Жүннің мұндай күйін «киіздену» деп атайды екен.

Су себілгеннен әжелер басылып жатқан жүнді қабаттай шыыршықтап, шимен бірге жинап отырды. Шиді ширатып жинаған сайын қайта-қайта ыстық су құйылады. Киіз басудағы бұл жұмыс «су себу» деп аталады. Мұнан кейін жүн тартылған ширала жиналып болған соң, оны сыртынан жіпмен байлап, орта бөлінен арқанды өткізіп алды. Бұл әдіс шыыршықталып жатқан шиді дөңгелектіп сүйрету үшін қажет екен. Ол үшін екі топқа бөлініп, шидің ең бойына қазақтар тұрып шиге ораулы киізді аяқпен бір бағытта теуіп отырдық. Ал қарама-қарсы тұрғандар ұшы түйікталған арқанмен шиді алға қарай тартып, өзіне қарай дөңгелекте сүйреді. Біраз жер дөңгелектіп отырып төлкен соң шиді бұрып алып, қарсы бағытқа қарай төбеді. Киіз тебу уақыты 2 немесе 3 сағатқа созылды. Әжелердің айтуынша, киіз нәурлым көп төбілес, соғрлым шымыр, төгіс, әдемі болып шығады. Сонда ғана киіз көп уақытқа дейін қолсымай, түтелгенбей, сынын бұзбай ұзақ уақытқа шыдайды.

Мұнан кейін әжелер булау әдіс арқылы киізді шиден шығарып, ыстық су құйып, үстін қалың бұйыммен жауып тастады. Бұланған киізді бір немесе бір жарым са-

ғатқа қалдырды. Ыстық бұйым балбырап жатқан киізді қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай тартып алып, білегімен ұрып, аяққа салып басты. Білектеліп болған киізді ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре жіппен көктей отырып, қарлу әдісі арқылы киіздің ұзындығын шығарды, яғни киізді алдымен оңға қарай жүлкі серпіп, одан кейін солға қарай серпиді. Қарпылған киіздің шеті жинақталып тегістеледі, қыл-қыбырынан тазаланды. Қарлу жұмысын әйелдер мен қатар ер адамдар да атқарған. Бұл жұмыс та бірер сағатқа созылды. Киіз басудың кенігі шебері болған әжелер киіз басудың әдіс-тәсілін ес білгеннен бері білетінін айтты.

Мен киіз басуды жастайымнан анамнан үйрендім. Киізді қошқар мүйіз сынды түрлі оюлармен балаларымыздың аттарымен түрлі-түсті жүн арқылы сәндітейтін. Еңбекке өрте араласқандықтан анамыздан көп нәрсені үйрендік. Ол үнемі «үйрегенің өзіне жақсы, істегенің маған жақсы» деп айттып отыратын. Тек киіз басудың ғана емес, тоқыма тоқып, кесте тігуді, құрақ құрауынды қыр-сырын меңгеріп, өзімізнен кейінгі бауырларыма үйреттім. Ендігі мақсатым – осы әнерді жастарға үйрету. Бұрын киіз басу аяғында кішігірім той секілді өтетін. Аяулдың қыз-келіншектері жиналып, асарлатып

кезек-кезек бір-біріміздің үйімізге бірлесіп, күніне 3-4 киіз басытынбыз. Бұл – ауыл тұрғындарын ауызбіршілікке шақыратын керемет дәстүр. Ешкім қолкөмек беруден бас тартпай, бір үйдің баласындай атсалысады. Қазір де қолымыз қалт етсе, қолөнерді жанымызға серік етіп, мүмкіндік болса киіз басуға тырысамыз. Келіндеріміз бен ауылдың жастары қолғабыс ету арқылы киіз басудың қыр-сырын меңгеруде, – дейді Гүлбахарам Жылгелдиева.

Жасыратыны жоқ, қазіргі жастар үйіне киіз төсемейді. Себебі киіздің қандай пайдасы барын біле бермейді. Ал әжелеріміз бүгінде киіз басу өнерін қалыс қалдырмай, ұлттық өнерді ұлықтап, үйінде жүн түтіп, төкемет басып, ісмерлікпен айналысып келеді. Бұған кейіпкерлеріміздің әлі күнге дейін өздері басқан кілемдерін пайдаланып отырғаны дәлел.

Киіз басу – тек еңбек емес, ұрпаққа тәрбие мен бірлікті дәріптейтін дәстүр. Ал бұл дәстүр аналар мен келіндердің татулығын арттырып келеді. Аядай ғана ауылда тұрса да, жастардың бойына ұлттық құндылықтарды дәріптеп, үйретуден жалықпайтын аналарымыздың басты мақсаты – ұлттық өнерді өміршең ету.

Сезім НҰР



Қазыналы қарияларды құттықтады

Жалағаш жұрты үлкенге құрмет көрсетуде жолынан жаңылған емес. Тіпті барлық игі істі сол қазыналы қарияларымыздың батасымен байланыстырамыз. Ұлыстың ұлы күні өз-Наурыз мерекесінде де аудан әкімі Ардақ Ибраимов қазыналы қарияларымыздың шаңырағына арнайы барып, облыс әкімінің және жалағаштықтардың атынан мерекемен құттықтады.

– Сіздердің өмір жолдарыңыз – бізге бағдаршам. Ауданның дамуында әрқайсыңыздың өзіндік қолтаңбаларыңыз бар. Жастарға бірлікті дәріптеп, адал еңбек етуге үндеп келесіздер. Қай істе де қазыналы қарияларымыздың батасы маңызды. Сіздердей тілекші қарияларымыз барда ауданымыз гүлдене берсін. Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Ұлыстың ұлы күні жақсылығымен келсін. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, береке, бірлік тілеймін, – деді аудан әкімі.

Мерекелік құттықтауда аудан әкімі Мемлекет басшысының қолдауымен аймақта жүзеге асырылып жатқан ауқымды жұмыстар мен игі бастамаларға тоқталып, олардың халықтың әл-ауқатын арттырудағы маңызын атап өтті. Ардагерлер елдегі бірлік пен берекенің нығаюына ізгі тілегін білдіріп, атқарылып жатқан істерге оң бағасын берді. Қазыналы қарияларға мерекелік құрмет көрсеткен аудан әкімі кездесуде «Наурыз сый» табыстап, шалап жалты.

«ЖЖ» ақпарат

Ұлттық киім ұлықталды

Наурызнама онкүндігі аясында «Ұлттық киім» күні ұйымдастырылды. Бұл – халқымыздың төл мәдениетін, ұлттық рухын, сәндік өнерін дәріптейтін маңызды мереке. Ұлттық киім – қазақ халқының өмір салты, дүниетанымы мен талғамын айшықтайтын құндылық. Бұл күн ата-бабалар мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, насихаттауға негізделуімен құнды.



Ұлттық киімдеріміз – шеберліктің, сән-салтанаттың, ұрпақ сабақтастығының көрінісі. Қазақтың шалапы, қамзолы, сауқелесі мен тақиясы, кестеленген көйлегі мен мәсісі – ғасырлар қойнауынан жеткен өнер туындысы. «Ұлттық киім» күні қарсаңында «Руханият» орталығында «Өсем қадам» атты қазақ халқының ұлттық, сәндік киімдерін көрсетуден аудандық фестиваль өтті. Наурыз-намамын онкүндігі аясында ұйымдастырылған шараны аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ашып, сән сайысына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шарада жергілікті дизайнерлер мен тігіншілер этно-стиль бағытындағы заманауи киім үлгілерін көрсетіп, қатысушылар өз брендтерін көрсеткен назарына ұсынды. Өз-Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған шарада жас буын ұлттық нақыштағы киімдерді мақтанышпен киіп, өз шығармашылық қабілеттерін паш етті. Бұл күні жастар ұлттық киімдермен сәнділіп, моншақты сауқеле, шекелік, оюлы қамзол киді. Сән көрсетілімі ұрпақтан-ұрпаққа мұра етілген қазақтың ұлттық киімдерін сақтап қалу және оларды кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған. Етегі төгілген оюлы көйлектер мен шалаңдар көздің жауын алып, шараның маңыздылығын арттыра түсті. Фестивальге қатысушыларды арнайы қазылар алқасы бағалап, үздіктер дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мұнан бөлек аудандағы білім ордаларында да ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған бірқатар мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараларда оқушылар мен ұстаздар қатысқан ұлттық киімдер шара өтті. Қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілерін киіп, ұлттық нақыштағы сән-салтанатты көпшілікке таныстырды. Сонымен қатар ұлттық киімнің ерекшелігі мен тарихи мәнін дәріптеуге бағытталған түрлі танымдық шаралар өткізілді.

Бұл ұлттық мәдениетімізді дәріптеп, келешек ұрпаққа салт-дәстүрімізді ұлықтау жолындағы маңызды күн. Шара жастарға ұлттық киімнің ерекшелігі мен мәнін түсінуге және ұлттық құндылықтарымызды сақтауға зор үлес қосуда. Бүгінде ою-өрнекпен көмкерілген сәнді әшекей бұйымдар кәсіпкерлік қолданысқан енген. Халықтың қазақша киінуді дәстүрлі түрде қолға алғаны қуантады.

Газеттің келесі саны 28 наурыз, сенбі күні шығады

Еңбек адамы Қолөнерді кәсіп қылған



Ұлыстың ұлы күніне орай ұлттық киім тіктірмекші болып, аудандағы жұмысы ерекше тігіншілерді сұрастырдым. Көпшіліктің айтуымен таңдауым Назерке Дүйсенбаеваға түсті. Қолөнер шеберінің үйіне барып, оның жасаған жұмыстарымен танысқаннан кейін өзіме қажетті киімге тапсырыс бердім. Талғампаз тұтынушылардың көңілінен шығып жүрген кәсіпкерге ойымдағы қамзолды тігіп беруін тапсырған соң, әдеттегідей тілшілік қызметіме кірісіп, екеуара диалог басталды.

– Тігінге бала күнінен жақын болдым. Анам екеуіміз менің қуыршақтарым көйлек тігетінбіз. Мұнан бөлек әкемің Айжан есімді апасы болды, сол кісі мұғалім болып жұмыс жасаса да, қосымша тігінмен айналысқанды жаны сүйетін. Демалыс күндері әкеміңнің үйіне барып, оның құрақ көрпеше құрағанына қызығып, қолөнерге деген құлшынысым арта түсті. Мектеп қабырғасында жүріп би үйірмесіне қатыстым. Сол кездері «билегенде киетін киімдерімді өзім тігіп алсам ғой» деп армандайтынмын. Арада біраз уақыт өткеннен кейін мектеп қабырғасында мерекелік іс-шарада араб биін билейтін болдым. Араб киімі табылмағандықтан өзім үйде тігін машинасымен көмегіңіз, иіне жіппен қолдан тігіп, билеген болатынмын. Ең алғашқы жұмысым осы мектеп қабырғасынан бастал-

ды. Кейін оқу бітіріп, тұрмысқа шыққан соң балабақша мен мектепте оқытқан балаларыма мерекелік киімдер тіге бастадым. Содан бастап жұмысыма қызығушылық танытып, «маған да осындай киім тігіп берші» деп өтініш айтатын тапсырыс берушілер қатары артты, – дейді Назерке Нурланқызы.

Балакүнінен басталған қызығушылығы мен дарынын ұштастырған кәсіпкеріміз – бүгінде еңбекке баулу пәнінің мұғалімі. Бос уақытын тиімді пайдаланып, сүйікті ісін кәсібіне айналырған ол осыдан 4 жыл бұрын үйінің шағын бір бөлмесін тігін цехына айналдырып, өз қаражаты есебінен оны қажетті құрал-жабдықпен, тігін машиналарымен жарақатқан. Қолынан шыққан төл туындыларын интернет желісіне салу арқылы ол ауыл, көп тұрғындарынан бөлек Ақтөбе, Алматы, Ас-

тана қалаларынан да тұрақты тұтынушы жиып үлгерген. Мәселен, тұтынушы сұранысына сай Ақтөбе қаласының бір тұрғынына этно сөмке тігіп бергеннен кейін, дәл осы қаланың тұрғындарынан тағы да бірнеше тапсырыс түскен. Мұнан бөлек жыл сайын балабақша және мектеп жасындағы балаларға бірдей ұлттық киім, сүндет тойға арналған жиыңдықтар мен қамзол, қажекей, қасаба, басқа тағатын түрлі әшекей бұйымдар жасайды.

Ол тапсырыс беріп үлгермеген тұтынушылар үшін жалға беру қызметін де қарастырып қойған. Бос уақыты бола қалса, ұлттық киімдер мен мерекелік кештерге арналған ерекше көйлектердің саналуан түрін тігіп қояды. Сондай-ақ он саусағынан өнер тамған кәсіпкер келіншектерде, шымылдырыққа, сәнді этно түйреуіштерге де тапсырыс қабылдайды. Кейіпкеріміздің қолынан шыққан түйреуіштер қазіргі таңда тойларда тойтабақ ретінде таратылып, үлкен сұранысқа ие болуда.

Кәсіпкер келіншектің әдеттегідей бос уақыты жоқ. Тұтынушы тапсырысын жылдам әрі сапалы орындау үшін бар уақыты тігін машинасының алдында өтеді. Ол әр тұтынушының тапсырысын 1-2 күннің ішінде тігіп, алғысына бөлініп жүр. Заманның талабына қарай өңбек ететін кәсіпкеріміз үнемі ізденіс үстінде жүретінін де тілге тиек етті. Тың идеясы мен мол тәжірибесін ұштастыра білген

оның жұмыстарының ішінде көздің жауын алар ерекше қолөнері – жаға. Өздеріңіз білетіндей, жыл сайын ұлттық киім түрлері жаңарып, сәнге айналады. Қазіргі жастардың тілімен айтқанда, трендке айналған жаға бүгінде тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие. Қолөнер шеберінің сөзіне сенсек, бұл жаға кез келген көйлекпен үйлесім тауып, қыздарға ерекше өсемдік сыйлайды. Назерке оны аудан аруларынан бөлек, басқа қаладағы бойжеткендерге де тігіп үлгергенін айтады. Бұл қолөнердің ерекшелігі, оны тек ұлыстың ұлы күнінде ғана емес, басқа да мерекелерде көз келген киіммен үйлестіріп кие беруге болады.

Мен Назеркеңің тұрақты тұтынушыларының бірімін. Әйел адам болғандықтан өзгелерден ерекшелікті, өсемдікті жанымыз сүйеді. Назеркеге ең алғаш балаларыма ұлттық киім тіктіруге тапсырыс берген болатынмын. Ұлыстың ұлы күнін отбасымызбен күтіп, дайындадым. Көпке топырақ шашпаймын, әйтсе де кей тігіншілердің қолөнері бірсарынды. Ешқандай ерекшелік жоқ, бәрі бір-біріне ұқсас. Сондықтан балаларым мереке қарсаңында өтетін ертеңгілікке ерекше болып тұруын Назеркеге сеніп тапсырдым. Оған дейін интернет желісінен бірнеше жұмысын көріп, талғамына қызықтық. Кейін мерекелік кештер мен тойларға барарда өзіме арнайылап көйлек тіктіргенім болдым. Көбісі көйлегімді қайдан алғанымызды сұрап, ерекшелігіне қызығушылық танытып жатады. Шыны керек, Назеркеңің жұмысы тиянақты, бағасы да қалтаға қонымды. Өзіме ұнайтын көйлектің жобасын көрсетемін, әрі қарай өзі оймадығандан да артық тігіп берсін, – дейді кент тұрғыны Жазыра Исабаева.

Кәсіпкер келіншектің көздің жауын алар ерекше туындыларының артында үлкен еңбек пен асқан шеберлік жатқаны даусы. Ол күні-түні ыждахаттылықпен тіккен еңбегі тұтынушының алғысын алғанда текке кетпегенін түсінеді. Ұлттық киімді ұлықтап, тігіннен табыс тапқан кәсіпкеріміздің бүгінде жұмысы жүйелі. Іскер келіншек қаржылай қолдау болса, кәсібінің тынысын көңейтіп, өзі секілді қолөнерге икемі бар қыз-келіншектерді жұмыспен қамтудағы көздеп отыр. Тек ұлттық киім, сәнді көйлектермен шектелмей, құрақ құрап, киіз жасауы мен бесік тойға қажетті жиындықтармен де аудан тұрғындарын қамтамасыз етпек.

Сезім НҰР

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №486

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН